

«Бекітемін»  
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
«Білім беруді жаңғырту орталығы»  
МКҚК басшысының м.а.

С. Дауешова  
2021 жыл



## «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» қалалық конкурсын өткізу туралы

### ЕРЕЖЕ

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» қалалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс ) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурс Білім беруді жаңғырту орталығының (бұдан әрі - Орталық) 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

**1.3. Мақсаты:** кәсіби және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік деңгейін арттыру, шығармашылықпен жұмыс істейтін, талантты әдіскерлерді анықтау, заманауи білім беру жүйесіне сәйкес кәсіби имиджді қалыптастыру.

#### 1.4. Міндеттері:

- әдіскерлердің инновациялық және кәсіби-маңызды тәжірибесін анықтау және тарату, олардың кәсіби шеберлігін арттыру;
- әдіскерді инновациялық қызметке, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі танытуға ынталандыру;
- әдіскерлердің шығармашылық әлеуетін, әдістемелік шеберлігін дамыту үшін жағдай жасау;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде әдіскер мәртебесін арттыру, оң әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;
- педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату нысандарын жетілдіру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;
- мектепке дейінгі ұйым әдіскерлері мен педагогтерінің ата-аналар мен балалардың өзара ынтымақтастығы бойынша жұмысын жандандыру.

#### 2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттары

2.1. Конкурсты ұйымдастырушылар – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК.

2.2. Конкурс 2 кезеңде өткізіледі:

- қалалық (сырттай)
- республикалық (сырттай).

2.3. Конкурссты ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде қазылар алқасының құқықтары берілген конкурстық комиссия құрылады.

2.4. Конкурсстық комиссияның құрамына ұйым басшылары, жоғары білікті педагогтер, Білім басқармаларының (бөлімдерінің) мамандары мен әдіскерлері, ата-аналар қауымдастығының өкілдері және т. б. кіреді.

2.5. Конкурсстық комиссияның мүшелері Конкурсқа катысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Конкурсстың қорытындысы бойынша бір жеңімпаз анықталып, Конкурсстың келесі кезеңіне катысу үшін жіберіледі.

2.6. Қалалық Конкурс кезеңінің жеңімпазы республикалық кезеңге жіберіледі.

2.7. Конкурсстық комиссиясының қарауына мынадай материалдарды жібереді:

1) «Әдіскердің электрондық портфолиосы» (10 слайдтан артық болмауы тиіс).

**Форматы:**

- Жалпы мәліметтер
- Қосымша кәсіптік білімі
- Білім беру процесінің сапасын басқару (Жас педагог мектебі)
- Ғылыми-әдістемелік, инновациялық, эксперименттік қызметі
- Ақпараттық-талдау қызметі
- Әдіскер жұмысының нәтижелері (жетістіктері, жарияланымдары)
- Біліктілік деңгейін арттыру
- Автордың өзін-өзі бағалауы

**Бағалау критерийлері:**

- білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарын әдістемелік камтамасыз ету;
- әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда заманауи педагогикалық технологияларды қолдану;
- әдістемелік ұсынымдардың болуы және оларды іске асыру;
- әдістемелік жұмыста ақпараттық технологияларды қолдану;
- білім беру жүйесінде педагогикалық тәжірибені технологиялық деңгейде анықтау, зерделеу және жалпылау;
- білім беру ұйымдары педагогтері мен басшыларының біліктілігін үздіксіз арттыру жүйесін ұйымдастыру;
- тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу;
- білім беру процесін бағдарламалық-әдістемелік әдебиеттермен камтамасыз етуге көмек көрсету, оларды пайдалану тиімділігіне сараптама жүргізу;
- әдістемелік материалдарды рецензиялау;
- ғылыми-практикалық конференцияларды, педагогикалық оқуларды, білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің кәсіби педагогикалық шеберлік конкурстарын дайындауға және өткізуге катысу;

- технологияны қолдану деңгейі, басқа әдіскерлердің, педагогтердің жұмыс нәтижелерін пайдалану мүмкіндігі;
- безендіру мәдениеті мен эстетикасы.

## 2) «Әдістемелік шеберлік» - жобасын қорғау.

Бейнематериалда тұжырымдамалық педагогикалық идея, яғни қысқаша тұжырымдалған ой болуы керек, ол жалпы алғанда кәсіби педагогикалық тәжірибенің қырларын, инновациялық мәнін жеткізуі тиіс: шеберлік сыныбы (оқытудың ерекше әдісі және практикалық шеберлікті жетілдіру бойынша нақты сабақ) және авторлық құралдарды ұсыну (ұсынымдар, жаднамалар, оқу құралдары және т. б.)

2.8. Бұрын жарияланбаған, басқа конкурстарға қатыспаған, Интернет желісінде орналастырылмаған бейнематериалдар конкурсқа қатысуға жіберіледі.

2.9. Әдіскер Конкурсқа ұсынатын бейнематериалдарды мектепке дейінгі білім беру ұйымының қолдауымен немесе педагогтермен бірлесіп жасауы мүмкін.

### **Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:**

- HD төмен болмауы тиіс (1280x720);
- mp4\*. форматта;
- бейнематериалдың ұзақтығы 3-5 минут.

### **Бағалау критерийлері:**

- педагогикалық идеясы: педагогикалық идеяны ашу - автор өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолданатын педагогикалық ұстанымдарды, тұжырымдамаларды немесе технологияларды бейнематериалда ұсынуы;
- өзектілігі, білім берудің заманауи талаптарына сәйкестігі;
- материалдың әдістемелік құндылығы;
- автордың сөйлеу мәдениетін сақтауы;
- сюжеттік желіні құру логикасы (сюжеттің байланысы, сұрақ/мәселе кою, мәселені/сұрақты шешу);
- көрнекі құралға материал мазмұнының сәйкестігі;
- көрнекі құралдың сапасы;
- дауыстық сүйемелдеу сапасы.

Критерийлердің әрқайсысы бойынша 0-ден 2 баллға дейін беріледі (0 балдық бағалау критерийі көрсетілмеген, 1 балл-ішінара көрсетілген, 2 балл-толық көрсетілген).

2.10. Әдіскер өз жұмысын ұсына отырып, іске асырылған жобаның негізгі идеясын және соңғы 3 жылда алынған нәтижені көрсетеді.

2.11. Әдіскер лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес мектепке дейінгі ұйымдардың педагог қызметкерлері конкурсқа қатыса алады. Облыстық кезеңнің жеңімпаздары келесі бес жыл ішінде Конкурсқа қатыспайды.

### **3. Конкурса қатысушыға қойылатын талаптар**

3.1. Өз жұмысын жібере отырып, автор оны тегін пайдалануға, көпшілікке таратуға, интернет желісінде орналастыруға, шығармашылық жобаларға енгізуге, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге шартсыз түрде құқықтарын береді. Жіберілген бейнематериал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- өзі туралы жеке мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта, суреті (фотосуреттері) және басқа да жеке мәліметтер) пайдалануға және өңдеуге;

- атын, тегін, әкесінің атын және суреттерін (фотосуреттерді) сайтқа, сондай-ақ YouTube, Facebook-ті қоса алғанда, мерзімдік басылымдарда, радио және теледидар бағдарламаларында, Интернет-БАҚ-да және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға келісімін береді.

### **4. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар**

4.1. Конкурстың қалалық кезеңіне (сырттай) материалдар «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» конкурсының атауымен **konkursmetod.do@mail.ru** электрондық поштасына **2021 жылдың «06» қыркүйегіне** дейін жіберіледі.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

### **5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау**

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» қалалық конкурсының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- Гран-при;
- I орын;
- II орын;
- III орын.

#### **Номинациялар:**

- «Үздік әдіскер»;
- «Іскер әдіскер»;
- «Өнерлі әдіскер»;
- «Жаңашыл әдіскер».

5.2. Конкурстың қалалық кезеңінің жеңімпаздары Білім басқармасы мен Білім беруді жаңғырту орталығының дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады және республикалық кезеңге жолдама беріледі.

5.3. Конкурса ұсынылған жеңімпаздардың материалдары Білім беруді жаңғырту орталығының <https://astana-modern.kz/> сайтында орналастырылады.

**Анықтамалар үшін телефон: 87076632656**

«Мектепке дейінгі ұйымның  
үздік әдіскері» қалалық  
конкурсына 1-қосымша

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» қалалық конкурса  
қатысушының ақпараттық картасы

(фото 4×6 см)	_____
	(тегі)
	_____
(аты, әкесінің аты)	
<b>Алған күні</b>	
<b>1. Жұмысы туралы мәлімет</b>	
Жұмыс орны (Жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның атауы)	
Атқаратын лауазымы	
Педагогикалық өтілі және мектепке дейінгі ұйымда әдіскер лауазымындағы өтілі (қартаны толтыру сәтіндегі толық жыл көрсетіледі)	
Біліктілік санаты	
Құрметті атақтары мен марапаттары (атауы және алынған күні)	
<b>2. Білімі</b>	
Кәсіптік білім беру ұйымының атауы, бітірген жылы, факультет	
Диплом бойынша мамандығы, біліктілігі	
Біліктілікті арттыру курстары (соңғы үш жылда)	
Жарияланымдар (соңғы үш жылда)	
<b>3. Қоғамдық қызметі</b>	
Аудан, облыс, қала (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары) аумағындағы әдістемелік бірлестіктің жұмысына қатысу	

Республикалық, облыстық, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу (қатысу мәртебесін көрсету)	
<b>4. Байланыс телефондары</b>	
Ұялы телефон	
Жеке электрондық пошта	
Интернеттегі МДҰ сайтының мекен-жайы	

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 г.

«Мектепке дейінгі ұйымның  
үздік әдіскері» қалалық  
конкурсына 2-қосымша

<b>Жариялау үшін фотосуреттерді таңдау</b>	
1. Жанрлық фотосурет (мастер-кластар және т. б.) (3-тен артық емес) 2. Қосымша жанрлық фотосуреттер (5-тен артық емес)	Фотосуреттер бастапқы өлшемі кішірейтілмей 300 нүкте / дюймді JPG *форматта электронды түрде ұсынылады.
<b>Қатысушы материалдары</b>	
Қатысушының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялағысы келетін бұрын жарияланбаған авторлық мақалалары мен әзірлемелері	Саны үштен аспайтын электрондық форматта ұсынылады.